

Аяғоз

жапалықтары

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 3 (10950)

25 қаңтар 2025 жыл

E-mail: ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БІРҚАТАР МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕЛШІЛЕРІНЕН СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



«Ақорда» резиденциясында тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Кипр Республикасының елшісі Петрос Накузис, Жапония елшісі Ясумаса Ииджима, Қытай Халық Республикасының елшісі Хань Чуньлинь, Австрия Республикасының елшісі Андреа Бахер, Буркина-Фасо елшісі Аристид Рапугдондба Людовик Тапсоба, Лаос Халық Демократиялық Республикасының елшісі Сипхандон Ойбуабудди, Жаңа Зеландия елшісі Марк Джулиан Треймор, Дания Корольдігінің елшісі Иеспер Вар, Словения Республикасының елшісі Аленка Суходолник табыстады.

Президент еліміз жаһандық және өңірлік деңгейдегі тыныштық пен қауіпсіздікті қолдауға бағытталған бейбітсүйгіш саясат ұстанатынын жеткізді. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты бағдары.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан әлемдік ауқымдағы іс-шаралар мен кездесулерге ұйытқы бола отырып, халықаралық аренадағы белсенді ойыншыға айналды. Өңірдегі ірі экономикасы бар ел ретінде түрлі мемлекеттерден инвестицияны көптеп тартып отыр. Сондай-ақ Қазақстан нарығы экономикалық ынтымақтастыққа ашық.

Кездесу соңында Президент елшілердің ресми түрде дипломатиялық миссияларының басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттер басшыларына ыстық ықыласын жеткізді.

Akorda.kz

АУДАН ӘКІМІ КЕНТ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІ АРАЛАДЫ



Абай облысының оңтүстік-батыс жағында орналасқан Аяғоз әкімшілік бөлінісінің түп тарихы 1928 жылы құрылған. Жер көлемі 49,5 мың км². Тоғыз жолдың торабындағы аймақтағы ең алып ауданның әкімі қызметіне кіріскен Шәкәрімов Данияр Қайырханұлы аудан орталығындағы мекеме, бөлім басқармалардың жұмысымен қатар ауылдық округтерді аралап, кенттер мен ауыл әкімдерінің есебін тындап, тұрғындармен кездесіп, жұртшылықтың жай-күйін, өңірлердегі маңызды мәселелерін анықтауда.

Аудан басшысы ағымдағы жылдың 13 қаңтарында қызметтік сапармен Ақшәулі ауылына барып, жергілікті халықпен және олардың тыныс-тіршілігімен танысып, ауылдардың дамуы мен өзекті мәселелерін талқылап қайтты. Жиналыс барысында ауыл әкімі атқарылған жұмыстары туралы айтып өтті.

Қоғамдық кеңес, ақсақалдар кеңесі және ауыл тұрғындарының қағысуымен өткен жиындарда бірнеше маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтқанда: мал сою алаңын ашу, жолдардың жөндеуі, арық жүйелерін қалпына келтіру, интернет желісінің сапасы, ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу, мектепке спортзал салу, дәріхана ашу қажеттілігі сынды сұрақтар көтерілді.

Данияр Қайырханұлы өз кезегінде көтерілген сұрақтарға жауап беріп мәселелер бойынша алдағы уақыттарда талапқа сәйкес жұмыстар жүргізілетінін айтып өтті.

Осы күнгі қызметтік іс-сапар Мыңбұлақ ауылдық округінде жалғасты. Ауыл әкімі есебін жасады. Ауыл халқы: ішкі жолдарды жөндеу және жақсарту, Нарын - Ақшәулі арасындағы тасжолды қайта қалпына келтіру, интернет байланысының сапасын жақсарту, қар тазалау жұмыстарын жүйелі жүргізу, мал сою пунктін салу, су құбырының жағдайы, заңсыз сауданы тоқтату бойынша шаралар, көпбалалы аналарға әлеуметтік көмек көрсету, көктемде су басу қаупі бар тұрғын үйлер мәселесі туралы сөз қозғады.

Келесі кезектегі жиын Нарын ауылдық округінде жалғасты. Ауылдық округ әкімі өткен жылда атқарған жұмыстары туралы есеп берді. Тұрғындар: көктемде су басу қаупінің алдын алу үшін көпір салу мәселесі, спорттық стадион құрылысы және оны жабдықтау, мал сою алаңдарының қажеттілігі туралы сұрақтар мен мәселелер көтерді.

Аудан әкімі көтерілген мәселелерді шешу бойынша атқарушы билік тарапынан тиісті жұмыстар атқарылатынын жеткізді.

Кезекті іс - сапарлар кестесі Шұбартау өңірінде жалғасты. Бұл жақтағы бірінші жүздесу Баршатас ауылдық округінде басталды. Баршатас ауылдық округі қаладан 180 шақырым жерде орналасқан. Ауыл тұрғындарының саны 2024 жылғы есеп бойынша 1335 адамды құрайды. Округ бойынша 21 шаруа қожалығы бар, олардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып табылады. Қазіргі уақытта ауылдық округте

Жалғасы 2-бетте

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

АҚТАЙЛАҚ БИ БАЙҒАРАҰЛЫ

«Өділдіктің ақ туын желбіреткен»
Ақтайлақ би Байғараұлы 1720-1816 жылдар аралығында өмір сүрген. Найман ішінде Сыбан руының Жанкөбек тармағынан. Түп аталары нар дауысты Нарынбай, Қу дауысты Құттыбай, әулие Байғара ұлы даланың тағылымы зор, танымал тұлғалары болған. Ұлағатты ұядан нәр алған би атамыз орамды тіл, ордалы ойларымен, кесімді шешім айтып қалың халықтың алғысын арқалаған ардақты жан. Ол түрлі жиындарда кез келген адаммен сөз қағыстырға қалған жағдайда бір ауыз мақалмен немесе толғау жырымен ел тоқтататын қабілетке ие болыпты. Жасөскін шағынан топты орталарда тоқтамды сөздерімен, кесімді шешімдерімен дараланған дана баба шамамен 1720 жылы қазіргі Абай облысының Абай ауданы Құндызды өңірінде туып, жүзге қараған шағында дүниеден өткен. Кесенесі Абай облысы Аяғоз ауданы Сарыарқа ауылының аумағында.

Тыңдағанға ой салып, ақылға ақыл қосатын Ақтайлақ бидің өлең сөздеріне кезек берейік.

МАҚМАҢАҚ

Жапалақ құс мақтанса,
«Жардан тышқан алдым» дер.
Жаман адам мақтанса,
«Жақсыны аяғынан шалдым» дер.

«Аузы-басын қан қылмай,
Қапыда не қып қалдым» дер.
Кеудесін қағып еліріп,
«Әкеден боқтап салдым» дер.
Тәрбиесіз тексізге,
Ұят пен арды кім берер.
Ағайынға қадірсіз,
Арсыздықпен күн көрер.
Өркімге бір соқтығып,
Берекені елден кетіретер.
Өзінше өлге мақтанып,
Қайдағыны мадақтап,
Үлгіні содан алдым дер.

Сыпайымен сырлассаң,
Ішпегі сырғын ашады.
Сұмпаымен сырлассаң
Жоқты-барды шатады.
Көргенсіз өскен алкеуде,
Төрінше орын алады.
Сыпайы өскен абзал жан,
Босағада қалады.

Серікқазы Қорабай
кітабынан алынған.
Ақтайлақ бидің нақыл
сөздері

Асқа арыңды сатпа,
Ілінбе жаман атқа.

Еріншек болма,
Елгезек бол,
Еңбексіз босқа жатпа.

Жақсысын ешкім бермейді,
Өз қолыңда барыңды мақта.

Алтының болса әсерленбе,
Арыңды сақта.

Арамдықтан аулақ бол,
Адалдықты жақта.

Береке-бірлік іздесең,
Ең әуелі үй-ішіңмен бол
Ынтымақта.

Біреуге босқа ұрынамын деп,
Дұшпанға таба, күлкі болма
досқа.

Ерегескен ел азады,
Еңбек істеген ер озады,
Не айту керек бұдан басқа.

Білімді адам сөз ұғады,

Білімсіз адам нені ұғады.

Қатынның құлығынан сақта,
Сұм билердің сұмдығынан
сақта.

Білімді адам ашпай көріп,
айтпай сезеді,
Білімсіз надан нені көріп, нені
сезеді.

Жақсының өзі өлсе де, сөзі
өлмейді.

Жаман адам ашпаса
көрмейді,
Айтпаса сезбейді.

Қалауын тапса қар жанады,
Сұрауын тапса нені
бермейді,
Көре алмаған ағайын не
демейді.

Жақсының сөзін тастама,
Жаманға мұңыңды шағып
қақсама.

Берекесіз тобырдан,
Бірлігі күшті аз артық.

Атан жүгі тайлаққа дәп
келмейді,
Тайлақ жүгі атанға шақ
келмейді.

Азғындыққа еру — күнә
табудың жолы.

Адасқаныңды артыңдағылар,
Жаңылысқаныңды
жаныңдағылар байқайды.

Сөйлегенше сөз — адамның
құлы,
Сөйлеген соң адам — сөздің
құлы.

Биіктің басына шық,
бауырын көрме,
Жақсының даңқын есті,
ауылын көрме!

МҰЗДА ӨЗІңДІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕСІ



Жыл сайын өзендерде, көлдерде, су қоймаларында адамдар мұздың астына кетіп жатады. Қауіпке балықшылар да, мұздың үстінде ойнайын деген балалар да, және жолды қысқартқысы келген жаяу жүрушілер де тап болады.

Әрине мұздың үстінен мүлдем жүрмеген дұрыс. Ал егер сіздер жүруге бел бусаңыз, онда қауіпсіздіктің мына негізгі ережелерін есте сақтаңыздар:

- жұқа, бекімеген мұздың үстіне шықпаңыз.
- тік жардан шана, шаңғымен жұқа мұздың үстіне сырғанап түспеңіз.
- мұздың жарылған, тесілген жерлеріне жақындамаңыз.
- мұздың жеке учаскелеріне топпен жиналмаңыздар.
- тыйым салынған жерлердің мұзын басып өтпеңіз.
- мұзды аяқпен жармаңыз.

Мұздан өтер алдында оның беріктігіне көзіңізді жеткізіңіз. Мұздың беріктігі жаяу жүріспен тексеріледі. Берік мұз 2-3 соққыдан кейін жарылады.

Мұздың үстінен топпен жүрген кезде бір-біріне 5-6 метр қашықтықта жүру қажет. Ең алдымен салмағы жеңіл адамды, құтқару киімін киіндіріп жіберу қажет (мысалы, құтқару жилетін). Егер сіздер балық аулауға шықсаңыз, онда келесі талаптарды сақтау қажет:

- бір-біріне жақын тесіктерді оюға болмайды.
- әр ойылған тесікті кішкентай жалаулармен белгілеу керек (түнде қармен жабылып қалмау үшін).
- балық аулаушылар өздерімен бірге құтқару құралдарын алу қажет (12-15 м. жіп).
- балық аулауға жалғыз шығуға болмайды.

Егер сіздер мұздың астына түсіп кетсеңіз, абыржымаңыз, қорықпаңыз, қолдарыңызды әр жаққа жайыңыз, бұл тәсіл бет жағында ұсталынып қалуға мүмкіндік береді. Көмек сұрап айқайлаңыз. Есіңізде болсын, киім мен сіздің денеңіздің арасындағы ауа бір шама уақыт сізді ұстап тұрады. Мұздың қырына арқанызбен тіреліңіз, қарама-қарсы мұздың қырына оң жақ аяғыңызбен тіреліңіз, сол жақ аяқты күшпен мұзға аударыңыз. Мұзға шыққаннан кейін келген жағыңызға еңбектеніңіз.

Аягөз ауданының ТЖБ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Әлемнің көптеген елдері «Сыбайлас жемқорлық» атты дертке шалдыққан, әсіресе дамушы елдер және табиғи байлықтары бар мемлекеттер, тек олар нарық экономика және демократиялық басқару жолдары арқылы жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қазіргі таңдағы қызмет атқарудағы мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі бірден бір маңызды проблемалардың бірі болып отыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тиімділігін дамыту және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін саяси, құқықтық және өнегелік тәртіпті ұстауды жандандыру, Қазақстан халқының өмірі мен саяси еркін жандандыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге жағдай жасау қажет. Осындай жұмыстар жүргізілген кезде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге болады. Осыған орай сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға мемлекеттік органдардың және бүкіл қоғамның ымырасыз және оған қарсы күрес жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы өскелең ұрпақ азаматтарының патриоттық рухын тәрбиелеуге, оларға мемлекеттің жақсы дәстүрлерін үйретуге және Қазақстан халқының адалдығына тәрбиелеуге тікелей байланысты болады.

Аягөз ауданының ТЖБ инженері
Дюсенғалиев А.Ж.

Против коррупции

Болезнь под названием «коррупция» болеют многие страны мира, особенно развивающиеся и имеющие природные богатства, - те, которые только продвигаются на пути создания рыночной экономики и демократического управления.

Проблема борьбы с коррупцией является одной из актуальных и животрепещущих в жизни и нашего общества и государства на современном этапе. Для повышения эффективности борьбы с коррупцией необходима активизация комплекса мер политического, правового и нравственного порядка и содержания, нужна активная жизненная и политическая воля всего народа Казахстана, ориентированная на создание в обществе такой атмосферы, чтобы земля под ногами коррупционеров горела. И тогда можно рассчитывать на определенные положительные результаты. В этой связи успешное противодействие проявлениям коррупции будет в немалой степени зависеть от дальнейшей наступательной и бескомпромиссной борьбы с ней в государственных органах и во всем обществе, а также от воспитания нового поколения граждан Республики в духе патриотизма, лучших традиций Государства и преданности народу Казахстана.

Инженер ОЧС Аягөзского района
Дюсенғалиев А.Ж.

Еске алу

Асқар тау өке, асыл жар, немерелерінің сүйікті атасы **АБДИЛЬДИН МАҚАН ЖҰМАШҰЛЫНЫҢ** өмірден өткеніне 1 жыл.

Бір жыл болды дүниеден өткеніне,
Қоштасып бізден мәңгі кеткеніне
Рухыңа бас иіп еске аламыз.
Амал бар ма, тағдырдың өткеніне.

Құрметті ағайын - туыс, құда - жекжат, дос - жаран, әріптестер, сыныптастар және көршілер. Сіздерді 1 жылдық асқа шақырамыз. Асы: 2 ақпан, сағат 12:00-де, Аягөз қаласы, "Мешіт қатымханасында" беріледі.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: ЖАРЫ, БАЛАЛАРЫ, НЕМЕРЕЛЕРІ.



АРМЫСЫЗДАР БАСЫЛЫМ ОҚЫРМАНДАРЫ.

Тоқсан бес жылдан бері халықпен бірге жасап келе жатқан газетімізге жазылу жалғасуда. Аягөз қаласындағы мекеме қызметкерлері біздің редакцияға келіп жазылса болады.

Кент, ауылдық округтер Қазпошта арқылы жазыла аласыздар. Жазылуда мәселе туындаған жағдайларда біздің байланыс телефондарына хабарласып анықтауларыңызға болады. 8-707-788-06-45; 8-778-257-97-07

Газетке жазылу түрлері:

"Қазпочта" арқылы **1 жылға 5145,72 теңге**
6 айға 2572,86 теңге

Заңлы тұлғалар үшін **1 жылға 5445,72 теңге**
6 айға 2722,86 теңге

Аягөз жаңалықтары редакциясы арқылы жазылу **1 жылға 4200 теңге**
6 айға 2100 теңге

Заңды тұлғалар үшін **1 жыл - 4500 теңге**
6 айға - 2250 теңге

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Х.ДҮЙСЕНОВ 104,
ТЕЛ: 3-22-01

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 05 ақпанынан бастап, «Құсмұрын-Ақбастау» кеніші Блок цехтары ғимаратының жабындысын қайта жаңарту» жобасы бойынша ашық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Абай облысы, Аягөз ауданы, Қорық а., учаскенің географиялық координаты:

Географиялық координаттар						
Солтүстік ендік			Шығыс бойлық			
Нүстелердің координаттары	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	48	37	38,45	77	42	22,30
2	48	37	38,99	77	42	24,35
3	48	37	37,26	77	42	25,28
4	48	37	36,79	77	42	23,39

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС: 05014000656. Өкілі: А.С.Аманкелдина, тел. 8(7212) 957401.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. БСН: 060641009902. Өкілі: Чашина Ж.Ю., тел. 8 (7172) 557672, эл. мекенжайы: Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz

Жоба материалдары esportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап <https://esportal.kz> сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172) 557672 телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту «Реконструкция покрытия здания Блок цехов рудника «Кусмурын Акбастау» с 05 февраля 2025 года.

Территория воздействия: Абайская область, Аягөзский район, пос.Корык, географические координаты участка:

Координаты угловых точек						
Северная широта			Восточная долгота			
Угловые точки	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	48	37	38,45	77	42	22,30
2	48	37	38,99	77	42	24,35
3	48	37	37,26	77	42	25,28
4	48	37	36,79	77	42	23,39

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Аманкелдина А.С., тел.: 8(7212) 957401.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 060641009902. Представитель: Чашина Ж.Ю., тел. 8 (7172) 557672, эл. адрес: Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены на сайте esportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://esportal.kz>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172) 557672.

“Аягөз жаңалықтары”
аудандық газеті”
ЖШС

Директор -
Бас редактор
Е.Дайырбаев

Мекен-жайымыз: Аягөз қаласы,
Х.Дүйсенов, 104.

Газеттегі
авторлық пікірлер
редакцияныкімен
сөйкес келмеуі
мүмкін



Телефондар:
Жауапты хатшы:
3-22-01

e-mail:
ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі.
Ақпарат комитеті 2021 жылы
4 ақпанда берген тіркеу куәлік
№ KZ44VPY00032023
Газет алтасына 1 рет шығады
2 А2 форматына (420x595 мм)
теңестірілген 3 баспа табақ

Газет “Рекламный Дайджест”
ЖШС баспаханасында
басылды. 070002. Өскемен қ.,

Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 0249